

Атырау облысындағы Атырау қаласының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусымдағы N 925
"Атырау облысындағы Балықшы ауданын тарату туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 мамырдағы N 3515 Жарлығын

U973515_

орындау үшін және "Қазақстан Республикасының
әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24,
507-құжат) 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
етеді:

Таратылған Балықшы ауданының аумағы қосылып, Атырау қаласының
шекарасы өзгертілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі